

**Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің тіршілік қызметі үшін әкелінетін немесе олардың ұйымдарының өндірістік қызметінде қажетті көлемде пайдаланылатын, кеден ісі туралы заңдарда көзделген баждың барлық түрінен босатылатын тауарлардың тізбесін анықтау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ 1998 жылғы 11 қараша N 219. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.08.12. N 110 өкімімен. ~R000110

"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында:

1. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің тіршілік қызметі үшін әкелінетін немесе олардың ұйымдарының өндірістік қызметінде қажетті көлемде пайдаланылатын, кеден ісі туралы заңдарда көзделген баждың барлық түрінен босатылатын тауарлардың тізбесін анықтау жөніндегі жұмыс тобы мына құрамда құрылсын:

Сатыбалдина Лаура - Қазақстан Республикасы Қаржы  
Сейітжанқызы министрлігінің Фискальдық саясат  
департаменті салық және кеден  
саясаты басқармасының бастығы,  
жетекші

Жұмыс тобының мүшелері:

Тәнекеев Сәйдәлім - Қазақстан Республикасы  
Нысанбайұлы Мүгедектердің ерікті қоғамы  
орталық кеңесінің төрағасы  
(келісім бойынша)

Ыбрайымов Болат - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
Сұлтанұлы кіріс министрлігінің Кеден комитеті  
кедендік кіріс басқармасының валюталық  
бақылау және кедендік құн бөлімінің

бастығы

Мұқашев Тілеу - Қазақстан Республикасы Энергетика,  
Тауышұлы индустрия, және сауда министрлігінің  
Өнеркәсіп департаменті тұтыну тауарлары  
рыногын реформалау және сұранысты дамыту  
бөлімінің бастығы

Асылбеков Азамат - Қазақстан Республикасы Әділет  
Ермекұлы министрлігінің Заңдар және  
халықаралық құқық департаментінің  
бас маманы

Классен Виктор - Қазақстан Республикасы Еңбек  
Иосифович және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігінің Әлеуметтік даму  
департаментінің мүгедектермен және  
ардагерлермен жұмыс жөніндегі  
бөлімінің бас маманы

2. Жұмыс тобы бір ай мерзім ішінде мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің тіршілік қызметі үшін әкелінетін немесе қажетті көлемде олардың ұйымдарының өндірістік қызметінде пайдаланылатын, кеден ісі туралы заңдарда көзделген баждың барлық түрінен босатылатын тауарлардың тізбесі бойынша ұсыныстар әзірлесін және белгіленген тәртіппен Үкіметке енгізсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р